**"Үміткерлерді іріктеу және ғылыми тағылымдамадан өту қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрі міндетін атқарушының 2023 жылғы 18 тамыздағы № 422 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 6 мамырдағы № 219 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2024 жылғы 6 мамырда № 34350 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Үміткерлерді іріктеу және ғылыми тағылымдамадан өту қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің міндетін атқарушының 2023 жылғы 18 тамыздағы № 422 бұйрығына (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33308 болып тіркелді) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Үміткерлерді іріктеу және ғылыми тағылымдамадан өту қағидалары осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

| | |
|---|---|
| *Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрі* | *С. Нурбек* |

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Энергетика министрлігі

Қазақстан Республикасының
Ғылым және жоғары білім
министрі
2024 жылғы 6 мамырдағы
№ 219 бұйрығына
қосымша
Қазақстан Республикасы
Ғылым және жоғары
білім министрінің
міндетін атқарушысының
2022 жылғы 18 тамыздағы
№ 422 бұйрығымен
бекіткілген

# Үміткерлерді іріктеу және ғылыми тағылымдамадан өту қағидалары

## 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Үміткерлерді іріктеу және ғылыми тағылымдамадан өту қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Ғылым туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 4 -бабының 14-1) тармақшасына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 19 тамыздағы № 580 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі туралы ереженің 15-тармағы 120) тармақшасына сәйкес әзірленді және ғылыми, ғылыми-техникалық кадрлардың біліктілігін арттыру мақсатында шетелдік жетекші жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында, ғылыми орталықтарда және өзге де ұйымдарда (бұдан әрі – шетелдік ұйымдар) ғылыми тағылымдамадан өту үшін үміткерлерді конкурстық іріктеуді ұйымдастыру және жүзеге асыру, сондай-ақ ғылыми тағылымдамадан өту тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

1) әкімші – шетелде кадрлар даярлаудың, қайта даярлаудың және олардың біліктілігін арттырудың халықаралық бағдарламалары, оның ішінде "Болашақ" халықаралық стипендиясы бойынша іс-шаралар кешенін жүзеге асыратын ұйым;

2) ғылыми тағылымдама – "Болашақ" халықаралық стипендиясы шеңберіндегі тағылымдаманы қоспағанда, таңдалған ғылыми зерттеулер бағыты бойынша кәсіби құзыреттілікті дамыту мақсатында шетелдік жетекші жоғары және (немесе) жоғары оқу

орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында, ғылыми орталықтарда және өзге де ұйымдарда ғалымдардың тағылымдамадан өтуі;

3) еңбек қызметі (еңбекпен өтеу) – өтінімі бойынша конкурс жеңімпазы ғылыми тағылымдамадан өтуге жіберілген жұмыс берушіде Қазақстан Республикасының аумағында ғылыми зерттеудің таңдалған бағыты бойынша нақты еңбек өтілін жүзеге асыру бөлігінде шарттық міндеттемелерді орындау процесі;

4) жұмыс беруші – жұмыскер Қазақстан Республикасының аумағында еңбек қызметін жүзеге асыру бойынша еңбек қатынастарында тұратын Қазақстан Республикасының заңды тұлғасы, оның филиалы, өкілдігі;

5) кепілдік хат – тағылымдамадан өту және визаны рәсімдеу үшін конкурс жеңімпаздарына әкімші беретін, шығыстарды жабу міндеттемесіне кепілдік беретін ресми хат;

6) кешенді тестілеу – зияткерлік қабілеттер, тұлғалық-іскерлік құзыреттілік, шетелде оқуға психологиялық әзірлік деңгейін айқындау бойынша тестілеу;

7) конкурс жеңімпаздарының өтініштерін қарау жөніндегі комиссия – Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссияның жұмыс органы ретінде Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі жанындағы консультативтік-кеңесші орган;

8) конкурс жеңімпазы – осы Қағидаларда көзделген барлық турлардан өткен, Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссияның шешіміне сәйкес ғылыми тағылымдама тағайындалған үміткер;

9) сараптама комиссиясы – Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссияның жұмыс органы жанындағы ғылыми тағылымдамадан өту конкурсына (бұдан әрі – конкурс) қатысатын үміткермен жеке әңгімелесуді жүзеге асыратын консультативтік-кеңесші орган;

10) үміткер – осы Қағидалардың шарттарына сәйкес келетін және конкурсқа қатысатын Қазақстан Республикасының азаматы;

11) шартсыз шақыру – ғылыми тағылымдамадан өту мерзімін көрсете отырып, тағылымдамаға ақы төлеу туралы шарттарды қамтитын, ғылыми тағылымдамадан өту үшін ұсынылатын жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің жетекші шетелдік ұйымдарының, ғылыми орталықтардың және өзге де ұйымдардың тізіміне кіретін шетелдік ұйымда тағылымдамадан өтуге ресми шақыру;

12) Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссия – Қазақстан Республикасы Президентінің "Болашақ" халықаралық стипендиясы және ғылыми тағылымдамалардан өту мәселелері жөніндегі іс-шараларды іске асыру мақсатында құрылған Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы консультативтік-кеңесші орган (бұдан әрі – Республикалық комиссия);

13) Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссияның жұмыс органы – ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – жұмыс органы).

3. Ғылыми тағылымдама ғылыми тағылымдамадан өту үшін ғылыми зерттеулердің басым бағыттары тізбесіне (бұдан әрі – тізбе) сәйкес жүргізілетін ғылыми зерттеу шеңберінде жүзеге асырылады.

Тізбе осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес Ғылыми бағыттардың сыныптауышына сәйкес қалыптастырылады.

Әрбір басым бағыт бойынша ғылыми тағылымдамалар саны тағайындалатын ғылыми тағылымдамадалрдың жалпы санының 10 (он) пайызына дейін құрайды.

Бұл ретте, "Инжиниринг және технологиялар", "Ауыл шаруашылығы және ветринария ғылымдары", "Жаратылыстану ғылымдары", "Медицина және денсаулық сақтау" бағыттары бойынша тағайындалатын ғылыми тағылымдамалардың жалпы санының 30 (отыз) пайызына дейін қайта бөлуге рұқсат беріледі.

4. Жұмыс органы бекітетін конкурс жеңімпазының ғылыми тағылымдамадан өтуі ғылыми зерттеулердің таңдалған бағыты бойынша ғылыми, ғылыми-техникалық кадрлардың біліктілігін арттыру мақсатында ғылыми тағылымдамадан өту үшін ұсынылатын шетелдік жетекші жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының, ғылыми орталықтардың және өзге де ұйымдардың тізіміне ( бұдан әрі – тізім), кіретін шетелдік ұйымдарда, жұмыс органының шешімі бойынша жеке тәртіппен айқындалған өзге де шетелдік ұйымдарда 3 (үш) айдан 12 (он екі) айға дейінгі мерзімде жүзеге асырылады.

Шетелдік жетекші жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының, ғылыми орталықтардың және ғылыми тағылымдамадан өту үшін ұсынылатын өзге де ұйымдардың тізімін қалыптастыру жөніндегі нұсқаулық осы Қағидаларға 2-қосымшада келтірілген.

5. Ғылыми тағылымдаманы ұйымдастыру жөніндегі іс-шараларды іске асыру республикалық бюджет есебінен жүзеге асырылады және мына шығыстарға ақы төлеуді қамтиды:

1) ғылыми тағылымдамаларды ұйымдастыру жөніндегі іс-шаралар кешенін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтерге ақы төлеу;

2) ғылыми тағылымдамаларды ұйымдастыру жөніндегі іс-шаралардың іске асырылуын ақпараттық қамтамасыз ету;

3) үміткерлер үшін кешенді тестілеу жүргізу;

4) сараптама комиссиясы мүшелерінің үміткерлермен жеке әңгімелесу өткізуі;

5) визаны (консулдық алым) ресімдеу, ұзарту;

6) ғылыми тағылымдамадан өту;

7) ғылыми тағылымдама өтетін елдің, конкурс жеңімпазының ғылыми тағылымдамадан өтуін жүзеге асыратын шетелдік жетекші жоғары және (немесе)

жоғарыдан кейінгі білім беру ұйымдарының, ғылыми орталықтардың және өзге ұйымдардың талабы бойынша міндетті көрсетілетін қызметтер;

8) тамақтануға, тұруға, ғылыми әдебиетті сатып алуға, тұратын жерінен ғылыми тағылымдамадан өту орнына дейін жол жүру бойынша көліктің түрі мен класын айқындауға арналған шығыс нормалары туралы осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес ғылыми тағылымдама өтетін елде тұру, тамақтану және оқу әдебиетін сатып алу;

9) ғылыми тағылымдама өтетін елдің және (немесе) шетелдік ұйымның талаптарына сәйкес міндетті медициналық тексеру;

10) жазатайым жағдайлардан және аурулардың кенеттен пайда болуынан шетелдік азаматтар үшін көзделген медициналық сақтандыру;

11) ғылыми тағылымдамалар тағайындалғаннан кейін Қазақстан Республикасында тұратын жерінен ғылыми тағылымдама өтетін жерге дейін және кері қарай жол жүру;

12) ғылыми тағылымдамадан өту жөнінде қызметтер көрсету шарттары бойынша өз міндеттемелерін орындауға байланысты шетелдік әріптестердің шығыстары.

6. Шет елдердің тиісті мемлекеттік органдары, шетелдік жоғары оқу орындары, ғылыми орталықтар мен өзге ұйымдар, шетелдік әріптестер және/немесе статистикалық , рейтингтік және өзге де тиісті ұйымдар ұсынған құжаттар және/немесе өзге ақпарат негізінде тамақтануға, тұруға, ғылыми әдебиетті сатып алуға арналған шығыстар нормалары, сондай-ақ конкурс жеңімпазы Қазақстан Республикасында тұратын жерінен ғылыми тағылымдама өтетін жерге дейін жол жүретін көліктің түрі мен класы осы Қағидалардағы 3-қосымшаға сәйкес белгіленеді.

7. Ғылыми тағылымдамадан өтуге үміткерлер үшін қазақ және шет тілдерін білудің қажетті ең төменгі деңгейі осы Қағидаларға 4-қосымшада орналасқан. Бұл ретте шет тілін білудің ең төмен деңгейі шетелдік ұйымның талаптарын ескерумен айқындалады.

## 2-тарау. Ғылыми тағылымдамадан өту үшін конкурсқа қатысуға үміткерлердің құжаттарын қабылдау және қарау тәртібі

8. Ғылыми тағылымдамадан өтуге үміткер болып:

1) ғылым докторы, ғылым кандидаты ғылыми дәрежесінің, философия докторы ( PhD), бейіні бойынша доктор, магистр дәрежесі;

2) Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің 248-бабының 3-тармағына сәйкес Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына міндетті зейнетақы жарналарын төлеуден босатылған адамдарды қоспағанда, жыл сайынғы ақылы еңбек демалысын ескере отырып, барлық талап етілетін кезеңге міндетті зейнетақы аударымдарының есептелгенін растай отырып, заңды тұлғалар болып табылатын аккредиттелген ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілерінде ғылыми зерттеудің таңдалған мамандану саласында соңғы 12 (он екі) айдағы үздіксіз нақты жұмыс өтілі. Сонымен қатар, жүктілік және босану, бала күтімі бойынша демалыс, еңбекке уақытша жарамсыздық, сондай-ақ бір білім беру бағдарламасынан екіншісіне бір жоғары және (

немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымынан екіншісіне ауысу үздіксіз нақты жұмыс өтіліне есептелетін;

3) үміткерді жүргізілетін ғылыми зерттеуге сәйкес ғылыми тағылымдамаға қабылдайтын, тізбеге кіретін шетелдік ұйымның шартсыз шақыруы (қаржылық шарттарды қоспағанда);

4) осы Қағидаларға 4-қосымшада белгіленген талаптарға сәйкес деңгейде қазақ және шет тілдерін білу туралы жарамды ресми сертификат;

5) ғылыми нәтижелердің (Web of Science, Scopus халықаралық дерекқорларында немесе отандық немесе ғылым және жоғары білім саласында бақылау функцияларын жүзеге асыратын уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) ұсынған шетелдік ғылыми басылымдарда индекстелетін мақалалар немесе шолулар) және (немесе) Патент Корпорейшн Трэти (Patent Cooperation Treaty) халықаралық өтімі бар Қазақстан Республикасының азаматы табылады.

Ғылыми тағылымдамадан өту шеңберінде алынған ғылыми зерттеудің таңдалған бағыты бойынша үздіксіз еңбек қызметін жүзеге асыру жөніндегі шарттық міндеттемелерді орындамаған Қазақстан Республикасының азаматтары, сондай-ақ " Болашақ" бағдарламасы шеңберінде тағылымдамадан өтіп, еңбекпен өтеу бойынша шарттық міндеттемелерді орындамаған адамдар ғылыми тағылымдамадан өту үшін конкурсқа қатысуға жіберілмейді.

Ғылыми тағылымдамадан өту бір рет жүзеге асырылады.

Құжат тапсыру сәтінде "Болашақ" бағдарламасы бойынша оқитын Қазақстан Республикасының азаматтары, сондай-ақ "Болашақ" бағдарламасы шеңберінде үздіксіз еңбек қызметін жүзеге асыру бойынша шарттағы міндеттемелерді орындамаған адамдар ғылыми тағылымдамадан өтуді тағайындау үшін конкурсқа қатысуға жіберілмейді.

Бұрын берілген ғылыми тағылымдамадан өтуді пайдаланбаған және тағылымдамадан өтуге кіріспеген адамдарға, Әкімші алдында берешегі болмаған жағдайда, ғылыми тағылымдамадан өтуді тағайындау үшін конкурсқа қатысудың қайталама мүмкіндігі беріледі.

9. Конкурсқа қатысу үшін үміткерлер әкімшіге мына құжаттарды ұсынады:

1) жұмыс органы бекітетін нысан бойынша ғылыми тағылымдамадан өтуге арналған конкурсқа қатысу үшін толтырылған үміткер анкетасы;

2) жұмыс органы бекітетін нысан бойынша жұмыс орнының сақталуы шартымен жұмыс берушінің ғылыми тағылымдамадан өтуге арналған өтінімі;

3) паспорты мен жеке куәлігінің түпнұсқалары және көшірмелері (түпнұсқалары салыстырып тексерілгеннен кейін үміткерге қайтарылады);

4) ғылым докторы, ғылым кандидаты ғылыми дәрежесінің, философия докторы ( PhD), бейіні бойынша доктор, магистр дәрежесінің болуы туралы құжаттың

түпнұсқасы және көшірмесі (түпнұсқалары салыстырып тексерілгеннен кейін үміткерге қайтарылады).

Шетелдік білім беру ұйымында оқыған жағдайда білімі туралы құжатты тану куәлігін не "Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 39-бабының 8-тармағында белгіленген ерекшеліктер ескеріліп білімі туралы құжатты тану жөніндегі өзге құжат;

5) осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес жасалып, жұмыс беруші бекітетін және тізімге кіретін, тағылымдамаға қабылдайтын шетелдік ұйыммен келісілген, қазақ немесе орыс тілдеріне нотариалды куәландырылған аудармасы бар ғылыми тағылымдамадан өту бағдарламасы;

6) еңбек қызметін растайтын құжаттардың түпнұсқалары мен көшірмелері, сондай-ақ осы Қағидаларға сәйкес талап етілетін еңбек қызметі кезеңінде аударылған міндетті зейнетақы жарналары туралы үзінді (түпнұсқалары салыстырып тексерілгеннен кейін үміткерге қайтарылады);

7) нәтижесі белгіленген ең төменгі талаптарға сәйкес келетін осы Қағидалардағы 4-қосымшаға сәйкес қазақ тілі бойынша емтихан тапсырғаны туралы жарамды ресми сертификаттың түпнұсқасы және көшірмесі (түпнұсқасы салыстырып тексерілгеннен кейін үміткерге қайтарылады);

8) нәтижесі белгіленген ең төменгі талаптарға сәйкес келетін шет тілі бойынша емтихан тапсырғаны туралы жарамды ресми сертификаттың түпнұсқасы және көшірмесі (түпнұсқасы салыстырып тексерілгеннен кейін үміткерге қайтарылады);

9) "Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ 175/2020 бұйрығымен ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген) бекітілген № 072/у нысаны бойынша медициналық анықтама (шетелге шығатындар үшін);

10) үміткерді тағылымдамаға қабылдайтын шетелдік ұйымның шартсыз шақыруын (қаржылық шарттарды қоспағанда) растайтын, жүргізілетін ғылыми зерттеу, ғылыми тағылымдамадан өту мерзімі, құны (есеп-қисабын толық көрсетіп) көрсетілген, қазақ немесе орыс тіліне нотариалды куәландырылған аудармасы бар құжаттың көшірмелері;

11) жұмыс беруші бекіткен ғылыми нәтижелердің тізімі (Web of Science, Scopus халықаралық дерекқорларында және (немесе) отандық немесе уәкілетті орган ұсынған шетелдік ғылыми басылымдарда индекстелетін және (немесе) халықаралық ғылыми конференциялар жинағында жарияланған кемінде бір мақала немесе шолу) және ( немесе) кемінде бір Патент Корпорейшн Трэти (Patent Cooperation Treaty) халықаралық өтінімі;

12) ғылым саласындағы уәкілетті орган берген аккредиттеу туралы жарамды ресми куәліктің көшірмесі;

13) үміткер құжаттарын өзі тапсыра алмаған жағдайда өкілге нотариат куәландырған сенімхат.

10. Үміткер құжаттарды белгілеген құжаттарды қабылдау мерзімі ішінде әкімшіге " электрондық үкімет" веб-порталы арқылы және (немесе) қағаз нысанда ұсынады.

Ұсынылған құжатты қарау нәтижесі бойынша үміткерге құжаттың қабылданғаны және конкурсқа қатысуға рұқсат берілгені туралы немесе құжаттың жеке тәртіппен қарау үшін жұмыс органына жіберілгені туралы жазбаша хабарлама не оларды қабылдаудан дәлелді бас тарту жолданады.

Құжатты қарау, қабылдау не оларды қабылдаудан бас тарту мерзімі 3 (үш) жұмыс күнін құрайды.

Құжатты толық көлемде ұсынбау оларды қабылдаудан бас тарту үшін негіз болып табылады.

Құжаттар осы Қағидалардың 8 және 9-тармақтарына сәйкес келмеген жағдайда үміткер бұзушылықтарды жойғаннан кейін оларды қабылдау үшін белгіленген мерзім кезеңінде құжатты қайта ұсыну рұқсат етіледі.

Конкурсқа қатысуға рұқсат беру үшін үміткердің және оның құжаттарының осы Қағидалардың 8 және 9-тармақтарына сәйкестігін қарауды әкімші жүзеге асырады.

13. Құжаттарды қабылдау немесе конкурстан өту кезеңінде әкімші көрінеу жалған мәліметтердің ұсынылғанын анықтаған жағдайда үміткер ағымдағы жылы конкурсқа жіберілмейді.

**3-тарау. Ғылыми тағылымдаманы тағайындауға үміткерлерді іріктеуді ұйымдастыру мен жүргізу және оны өткізу тәртібі**

14. Конкурс 3 (үш) турдан тұрады.

15. Бірінші және екінші турларды әкімші Қазақстан Республикасы ұйымдармен және сараптама комиссиясымен бірлесіп ұйымдастырады және өткізеді.

Бірінші турда зияткерлік қабілеттерінің, тұлғалық-іскерлік құзыреттерінің, шетелде ғылыми тағылымдамадан өтуге психологиялық әзірлігінің деңгейін айқындау бойынша кешенді тестілеу жүргізіледі.

16. Екінші тур үміткерлердің сараптама комиссиясының мүшелерімен жасырын дербес әңгімелесуден өтуін ұйымдастыру жолымен жүргізіледі.

Сараптама комиссиясының құрамын, жұмыс тәртібі мен оны ұйымдастыруды жұмыс органы бекітеді.

Екінші турда үміткердің ғылыми зерттеу бағыты бойынша таңдалған мамандану саласында ғылыми-зерттеу даярлығының деңгейі, теориялық білімі мен ғылыми зерттеуді, шетелдік ұйымды саналы, дәлелді түрде таңдау деңгейі айқындалады.

Әкімші бірінші және екінші турлардың өтетін жері мен уақытын айқындайды, ол туралы үміткер телефон/электрондық байланыс арқылы күнтізбелік 5 (бес) күнінен кешіктірмей хабардар етіледі.

17. Сараптама комиссиясы бірінші және екінші турлардың нәтижелерін ескере отырып, жұмыс органы бекітетін нысан бойынша ғылыми тағылымдамадан өтуге үміткерлермен жеке әңгімелесуді бағалау парағына сәйкес әрбір үміткер бойынша ұсыным береді.

18. Жұмыс органы кешенді тестілеу нәтижелерімен және сараптама комиссиясының үшінші турға ұсынымдарымен бірге үміткерлердің материалдарын Республикалық комиссияның қарауына енгізеді.

19. Республикалық комиссия ғылыми тағылымдаманы тағайындау не тағайындаудан бас тарту туралы түпкілікті шешім қабылдайды. Ғылыми тағылымдама тағайындалғаны туралы үміткер әкімшінің ресми интернет-ресурсында ақпарат орналастыру арқылы хабардар етіледі.

20. Республикалық комиссияның шешімімен ғылыми тағылымдамадан өтуінен бас тартылған үміткерлер келесі күнтізбелік жылға оларды қабылдау үшін белгіленген мерзім кезеңінде ғылыми тағылымдамаға шыққан жағдайда ағымдағы жылғы конкурсқа қайта қатысуға жіберіледі.

**4-тарау. Ғылыми тағылымдамадан өтуге шарт жасасу тәртібі**

21. Конкурс жеңімпазы Республикалық комиссия ғылыми тағылымдаманы тағайындау туралы шешім қабылдаған күннен бастап күнтізбелік 60 (алпыс) күн ішінде үлгілік нысан бойынша әкімшімен осы Қағидаларға 6-қосымшада белгіленген ғылыми тағылымдамадан өту туралы шарт (бұдан әрі – шарт) жасасады.

Шартта міндетті түрде мыналар бар:

1) шарттың нысанасы;

2) тараптардың құқықтары мен міндеттемелері;

3) осы Қағидаларда көзделген жағдайларда конкурс жеңімпазының ғылыми тағылымдамадан өтуіне жұмсалған шығыстарды өтеу жөніндегі оның міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ету тәсілі;

4) ғылыми тағылымдамадан өту мерзімі мен шарттары;

5) шетелде ғылыми тағылымдамадан өтуді аяқтағаннан кейін конкурс жеңімпазының Қазақстан Республикасына міндетті түрде оралуы және конкурс жеңімпазы қай жұмыс берушінің өтінімі бойынша ғылыми тағылымдамадан өтуге жіберілген болса, сонда кемінде 3 (үш) жыл үздіксіз еңбек қызметін жүзеге асыруы туралы талап;

6) конкурс жеңімпазы өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда шығыстарды қаржыландыруды тоқтата тұру туралы талап;

7) конкурс жеңімпазын өз міндеттемелерін еңсерілмейтін күш мән-жайларының туындауы салдарынан орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін жауапкершіліктен босату туралы талап;

8) жұмыс берушінің жұмыс орнын (лауазымын) сақтау міндеттілігі туралы талап;

9) ғылыми тағылымдамадан өту бағдарламасының орындалғанын растайтын құжаттарды ұсынудың міндеттілігі туралы талап қамтылуға тиіс.

Ғылыми тағылымданы іске асырумен байланысты шарттар әкімшінің орналасқан жері бойынша жасалады.

22. Осы Қағидалардың 21-тармағында көрсетілген мерзімде шарт жасалмаған, конкурсқа қатысу үшін көрінеу жалған мәліметтер ұсынылған, ғылыми тағылымдамадан өту бағдарламасы орындалмаған, ғылыми тағылымдамадан оралғаннан кейін үздіксіз еңбек қызметі (еңбекпен өтеу) жүзеге асырылмаған, шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда әкімші белгіленген тәртіппен тұрақсыздық айыбын (айыппұл) төлеуді қоса алғанда, Республикалық комиссия ғылыми тағылымдаманы тағайындау туралы шешім шығарған күннен бастап конкурс жеңімпазына жұмсалған шығыстарды өтету арқылы Республикалық комиссияның ғылыми тағылымдамадан айыру туралы мәселені қарауына бастама жасайды.

23. Конкурс жеңімпазы ғылыми тағылымдамадан өтуге шарт жасасу үшін әкімшіге құжаттың мынадай тізбесін ұсынады:

1) конкурс жеңімпазының жеке басын куәландыратын құжат (түпнұсқасы мен көшірмесі). Түпнұсқасы салыстырып тексерілгеннен кейін конкурс жеңімпазына қайтарылады.

2) тұлғаның жұмыс берушінің атынан ғылыми тағылымдамадан өтуге арналған шартқа қол қою өкілеттігін куәландыратын құжаттар, жұмыс берушінің құрылтай құжаттарының көшірмелері, сондай-ақ жұмыс берушінің банктік деректемелері.

24. Тағылымдамаға жіберілетін конкурс жеңімпаздары міндеттемелерді орындауды қамтамасыз ету мақсатында екі кепілгер ұсынады.

25. Кепілгер ретінде жұмыс берушінің анықтамаларымен және міндетті зейнетақы аударымдарының төленгенін растайтын құжатпен (оның ішінде зейнетақы қорынан үзінді көшірме) расталатын, соңғы күнтізбелік 12 (он екі) ай ішінде тұрақты жалақысы бар жасы 50 (елу) жасқа дейінгі Қазақстан Республикасының азаматы болады.

26. Осы Қағидаларға 7-қосымшада белгіленген үлгілік нысан бойынша ғылыми тағылымдамадан өту туралы келісімге кепілдік шартын жасасу үшін мынадай құжат тізбесі ұсынылады:

1) кепілгердің жеке басын куәландыратын құжат (нотариалды куәландырылған көшірме).

2) кепілгердің лауазымы, жұмысқа қабылданған күні мен кепілдік шартын жасасу күнінің алдындағы күнтізбелік соңғы 12 (он екі) айдағы табысы көрсетілген жұмыс орнынан анықтама (анықтамалар).

Өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтар кепілгер ретінде болған кезде: жеке кәсіпкер ретінде тіркелгенін растайтын құжат, сондай-ақ кепілдік шартын жасасу күнінің алдындағы күнтізбелік соңғы 12 (он екі) ай ішінде табыс алғанын растайтын құжат.

3) Кепілдік шартын жасасу күнінің алдындағы күнтізбелік соңғы 12 (он екі) айдағы зейнетақы аударымдарының төленгенін растайтын құжат (оның ішінде зейнетақы қорынан үзінді көшірме).

12 (он екінші) ай үшін зейнетақы жарнасы аударылмаған болса, кепілдік шартын жасасу ағымдағы айдың 25-күніне дейін жүзеге асырылса, соңғы 11 (он бір) күнтізбелік ай үшін зейнетақы аударымының төленгенін растайтын құжатты ұсынуға жол беріледі.

27. Шарт жасасқан және осы Қағидалардың 21-тармағының 3) тармақшасының шарттарын орындаған соң әкімші конкурс жеңімпаздарының шетелдік ұйымдарға ғылыми тағылымдамадан өтуіне жолдаманы және осы Қағидалардың 28-тармағына сәйкес ақша аударылуын қамтамасыз етеді.

28. Жасасқан шарт ғылыми тағылымдама тағайындалған күннен бастап туындаған конкурс жеңімпазының ғылыми тағылымдамадан өтуін ұйымдастыру бойынша барлық шығыстарды төлеуге байланысты ақшалай қаражатты аудару үшін негіз болып табылады.

29. Конкурс жеңімпазы сырқатты емдеу кезінде, іссапарда болған және тағылымдамадан өтуге шарт жасасуға кедергі келтіретін өзге де мән-жайлар болған кезде, конкурс жеңімпазы осы Қағидалардың 21-тармағында көрсетілген мерзімнен кешіктірмей, белгіленген мерзімде тағылымдамадан шартын жасасудың мүмкін еместігі туралы растайтын құжатты ұсынған жағдайда тағылымдамадан өтуге шарт жасасу мерзімін ұзарту туралы Ғылыми тағылымдамадан өтуге конкурс жеңімпаздарының өтініштерін қарау жөніндегі комиссияға (бұдан әрі – Комиссия) жүгінеді.

Ғылыми тағылымдамадан өтуге шарт жасасуды ұзарту мерзімі Комиссия шешім қабылдаған сәттен бастап күнтізбелік 90 (тоқсан) күннен аспайды.

Тағылымдамадан өтуге шарт жасасуды ұзарту Республикалық комиссия ғылыми тағылымдаманы тағайындаған сәтінде тағылымдамадан өту елінде тамақтануға, тұруға және оқу әдебиетін сатып алуға бекітілген шығыс нормалары жоқ болған жағдайды қоспағанда, бір рет беріледі.

## 5-тарау. Ғылыми тағылымдамадан өтуге дайындықты ұйымдастыру тәртібі, ғылыми тағылымдамадан өту бағдарламасының орындалуын және конкурс жеңімпаздарының еңбек қызметін (еңбекпен өтеу) жүзеге асыруын мониторингтеу

30. Ғылыми тағылымдамадан өтуге дайындықты ұйымдастыру ғылыми тағылымдамадан өтуге арналған шарттардың күшіне енген сәтінен басталады.

31. Конкурс жеңімпазы ғылыми зерттеу бағытының, шетелдік ұйымның, тағылымдамадан өткен елдің ауысымын, тағылымдамадан өту мерзімін ауыстыруды алған кезде (бір жылдан аспайтын мерзімге ауыстырған және қосымша шығыстар болмаған кезді қоспағанда) конкурс жеңімпазы комиссияға өтінішпен және растайтын құжатпен қоса жүгінеді.

Бұл ретте, тағылымдамадан өту мерзімін ауыстыру Комиссия қарауына шығармастан қосымша шығыстар болмаған жағдайда растайтын құжаттарды қоса бере отырып, бір жылдан аспайтын мерзімді ауыстыру туралы конкурс жеңімпазының әкімшіге берген өтініші негізінде ауыстырылды деп есептеледі.

32. Әкімші конкурс жеңімпазынан өтініш түскен күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде кепілдік хатын ұсынады.

33. Шартсыз шақыру виза алу үшін құжат ресімдеуге негіз болып табылады. Визаны конкурс жеңімпазы өз бетімен ресімдейді.

34. Қазақстан Республикасында тұратын жерінен тағылымдамадан өту орнына дейінгі жол жүру бойынша әуе билетті сатып алу үшін конкурс жеңімпазы әкімшіге ғылыми тағылымдамадан өту аяқталғаннан кейін күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей виза алу үшін және кері қайту үшін жазбаша нысанда жүгінеді.

35. Конкурс жеңімпазы тағылымдама аяқталған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде Қазақстан Республикасына оралады, әкімшіге Қазақстан Республикасына кіргені туралы белгісі бар паспорттың көшірмесін, тағылымдаманы аяқтағаны туралы өтініш, тағылымдамадан өту шартына сәйкес тағылымдаманың аяқталғаны туралы құжаттың қазақ немесе орыс тіліне нотариалды куәландырылған аудармаларын, оның ішінде қазақ немесе орыс тілдеріне нотариалды куәландырылған аудармасымен тағылымдаманы аяқтағаны туралы сертификат (бар болса) ұсынады және Қазақстан Республикасының аумағында үздіксіз еңбек қызметін (еңбекпен өтеуді) жүзеге асыруға кіріседі.

36. Конкурс жеңімпаздарының еңбек қызметін жүзеге асыру мониторингі тағылымдамадан өту шартының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

Конкурс жеңімпазынан шарттағы міндеттемелердің орындалғаны туралы өтініш түскен кезде әкімші конкурс жеңімпазының еңбек өтілі бойынша шарттағы міндеттемелерді орындағанын мыналарды ескере отырып тексереді:

конкурс жеңімпазы тағылымдамадан өткеннен кейін үздіксіз еңбек қызметін жүзеге асырған жұмыс берушінің еңбек кітапшасына жазған жазбаларды;

талап етілетін еңбекпен өтеу кезеңі үшін аударылған міндетті зейнетақы жарналары туралы үзінді көшірмеде көрсетілген зейнетақы аударымдары (зейнетақымен қамтамасыз етумен байланысты Қазақстан Республикасы заңнамаларының ерекшеліктерін ескере отырып);

Қазақстан Республикасының аумағында таңдаған ғылыми зерттеу бағыты бойынша еңбек қызметін (еңбекпен өтілін) жүзеге асыру.

Нақты еңбек өтілінің мерзімін есептеуді әкімші жыл сайынғы ақылы еңбек демалысын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында болуын ескере отырып, күнтізбелік күндерде жүзеге асырады.

37. Еңбекпен өтеуді жүзеге асыру мүмкін болмаған жағдайда, конкурс жеңімпазы растайтын құжаттарды қоса бере отырып, еңбекпен өтеу бойынша міндеттемелерді

орындауды кейінге қалдыру туралы өтінішпен Қоғамға жүгінеді. Қоғам конкурс жеңімпазына еңбекпен өтеуді жүзеге асыру бойынша міндеттемелерді орындауды кейінге қалдыруды ұсыну туралы мәселені Комиссияның қарауына мынадай жағдайларда:

еңбек қызметін жүзеге асыруға кедергі келтіретін ауруды емдеу, әскери қызметке шақыру кезеңінде Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің қатарына шақыру;

шетелде тағылымдамададан өтетін/оқитын жұбайымен немесе зайыбымен ілесіп жүру;

мемлекеттік немесе әскери қызметші болып табылатын және шетелге уақытша жұмысқа немесе қызметтен өтуге жіберілген зайыбымен немесе жұбайымен ілесіп жүру;

жүктілік кезінде, сондай-ақ тәрбиесінде үш жасқа дейінгі бала (балалар) болған кезде енгізеді.

Еңбекпен өтеуді жүзеге асыру бойынша міндеттемелерді орындауды кейінге қалдыру бір рет: Қағидалардың осы тармағында көрсетілген шетелде тағылымдамадан/ оқудан өтіп жатқан жұбайымен немесе зайыбымен ілесіп жүру үшін беріледі.

38. Тағылымдамаға кедергі келтіретін ауру туындаған жағдайда, конкурс жеңімпазы бұл туралы әкімшіге шетелдік емдеу мекемесі берген анықтаманың көшірмесін ұсына отырып хабарлайды және Қазақстан Республикасына оралғаннан кейін бір ай ішінде емдеу ұйымынан конкурс жеңімпазының денсаулық жағдайы туралы дәрігерлік-консультациялық комиссия (бұдан әрі – ДКК) анықтамасының түпнұсқасын тағылымдаманы жалғастырудың мүмкін еместігі туралы қорытындымен бірге ұсынады.

39. Тағылымдама қайта басталған кезде конкурс жеңімпазы әкімшіге шетелге шығатындар үшін денсаулық жағдайы туралы тиісті құжатты ұсынады.

**6-тарау. Ғылыми тағылымдамадан өту тәртібі**

40. Ғылыми тағылымдамадан өту осы Қағидалардың 3-тармағына, сондай-ақ жасалған шарт талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

41. Конкурс жеңімпазы ғылыми тағылымдамадан осы Қағидалардың 9-тармағының 5) тармақшасында көрсетілген ғылыми тағылымдамадан өту бағдарламасы бойынша өтеді.

Мерзімі 6 (алты) айдан асатын ғылыми тағылымдамадан өткен жағдайда конкурс жеңімпазы әкімшіге ғылыми тағылымдама басталған күннен бастап 6 (алты) ай өткен соң осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ғылыми тағылымдамадан өту туралы аралық есепті ұсынады.

42. Конкурс жеңімпазы ғылыми тағылымдамадан оралғаннан кейін 1 (бір) ай ішінде әкімшіге осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қорытынды есепті тапсырады. Ғылыми тағылымдамадан өту туралы қорытынды есепті жұмыс беруші бекітеді және оны интернет-ресурсында ақпарат көздерінде орналастырады.

Ғылыми тағылымдама туралы есеп ұсынылмаған жағдайда әкімші осы Қағидалардың 22-тармағына сәйкес жұмыс органының қарауына тағылымдамаға жұмсалған бюджет қаражаты конкурс жеңімпазының өтеуі туралы мәселені шығарады.

43. Конкурс жеңімпазы шетелде ғылыми тағылымдамадан өтуді аяқтағаннан кейін жұмыс берушінің өтініміне сәйкес өзін тағылымдамаға жіберген ұйымда кемінде 3 (үш) жыл үздіксіз еңбек қызметін (еңбекпен өтеуді) жүзеге асырады.

44. Жұмыс берушіні ауыстыру жұмыс беруші таратылған не қайта ұйымдастырылған кезде жүзеге асырылады.

Үміткерлерді іріктеу және
ғылыми тағылымдамадан
өту қағидаларына
1-қосымша

**Ғылыми тағылымдамадан өту үшін ғылыми зерттеулердің басым бағыттарының тізбесі**

| Scopus және SciVal халықаралық аналитикалық жүйелерінің ASC (All Science Journal Classifications) бағыттарының сыныптауышына сәйкес мамандықтар (шетелдік ғылыми орталықтар мен өзге ұйымдарды таңдау үшін) | Ғылыми бағыттардың сыныптауышына сәйкес мамандықтар | | |
|---|---|---|---|
| | Бірінші деңгей | Екінші деңгей | Үшінші деңгей |
| Environmental Science - 2000 жарияланым; | | Математика | Математика |
| | | | Қолданбалы математика |
| Chemistry - 2000 жарияланым; | | | Статистика ықтималдылық теориясы |
| | | | Математикалық физика |
| Earth and Planetary Sciences - 2000 жарияланым; | | | Математика, пәнаралық қолданым |
| | | | Логика |
| | | | Атомдық, молекулалық және химиялық физика |
| Biochemistry, Genetics and Molecular Biology - 2000 жарияланым; | | | Конденсацияланған күй физикасы |
| | | | Бөлшектер мен өрістер физикасы |
| Mathematics - 2000 жарияланым; | | | Ядролық физика |
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Physics and Astronomy - 2000 жарияланым | Жаратылыстану ғылымдары | Физика ғылымдары | Флюидтер мен плазмалар физикасы |
| | | | Оптика |
| | | | Акустика |
| | | | Астрономия және астрофизика |
| | | | Қолданбалы физика |
| | | | Квантты технологиялар |
| | | | Механика |
| | | | Пәнаралық физика |
| | | Химия ғылымдары | Органикалық химия |
| | | | Бейорганикалық және ядролық химия |
| | | | Физикалық химия |
| | | | Полимерлер туралы ғылым |
| | | | Электрохимия |
| | | | Аналитикалық химия |
| | | | Қолданбалы химия |
| | | | Кристаллография |
| | | | Пәнаралық химия |
| | | Жер және қоршаған орта туралы ғылым | Геохимия және геофизика |
| | | | Қоршаған орта туралы ғылым |
| | | | Физикалық география |
| | | | Геология |
| | | | Метеорология және атмосфералық ғылымдар |
| | | | Минералогия |
| | | | Мұқитзерттеу |
| | | | Палеонтология |
| | | | Су ресурстары |
| | | | Гидрогеология |
| | | | Жер туралы ғылым |
| | | | Биология |
| | | | Цитология |
| | | | Микробиология |
| | | | Вирусология |
| | | | Биохимия және молекулалық биология |
| | | | Микология |
| | | | Биофизика |
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | Биологиялық ғылымдар | Генетика және тұқым қуалаушылық |
| | | | Репродукциялық биология |
| | | | Даму биологиясы |
| | | | Ботаника |
| | | | Зоология |
| | | | Гидробиология |
| | | | Экология |
| | | | Биоәртүрлілікті сақтау |
| | | | Эволюциялық биология |
| | | | Лимнология |
| | | | Математикалық биология және биоинформатика |
| | | | Радиациялық биология |
| | | Пәнаралық ғылымдар | Пәнаралық ғылымдар |
| Chemical Engineering - 2000 жарияланым; | | Азаматтық инженерия | Азаматтық инжиниринг |
| | | | Құрылыс технологиясы |
| Engineering - 2000 жарияланым; | | | Көлік инжинирингі |
| | | Электротехника, электроника, ақпараттық технологиялар | Электротехника және электроника |
| Materials Science - 2000 жарияланым; | | | Робот техникасы |
| | | | Автоматтандыру және басқару жүйелері |
| Energy - 2000 жарияланым; | | | Коммуникация |
| | | | Телекоммуникациялар |
| Computer Science - 2000 жарияланым; | | | Компьютерлік техника және архитектура |
| | | Машина жасау | Машина жасау |
| Environmental Science - 2000 жарияланым | | | Термодинамика |
| | | | Аэроғарыш инжинирингә |
| | | | Ядролық инженерия |
| | | | Энергетика және машина жасау |
| | | Химиялық инженерия | Химиялық инженерия |
| | | | Керамикалық материалдар |
| | | | Жабындар мен үлбірлер |
| | | | Композициялық материалдар |
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | Материалдар инжинирингі | Қағаз және ағаш материалдар |
| | | | Тоқыма материалдары |
| | | | Металлургия |
| | | | Материалдарды сипаттау және тестілеу |
| | | | Пәнаралық материалтану |
| | | Медициналық инжиниринг | Биомедициналық инжиниринг |
| | | | Медициналық зертхана техникасы |
| | | | Жасушалық және тіндік инженерия |
| | | Қоршаған орта инженериясы | Экологиялық инженерия |
| | Инжиниринг және технологиялар | | Мұнай инженериясы |
| | | | Энергия және отын |
| | | | Қашықтан зондтау |
| | | | Тау-кен ісі және минералдарды қайта өңдеу |
| | | | Кеме құрылысы инженериясы |
| | | | Мұқит техникасы |
| | | | Геологиялық инжиниринг |
| | | | Жасыл технологиялар мен тұрақты даму |
| | | | Сутекті энергия |
| | | Биотехнология және қолданбалы микробиология | Биотехнология және қолданбалы микробиология |
| | | Өнеркәсіптік биотехнология | Биоматериалдар |
| | | Нанотехнология | Наноғылым және нанотехнология |
| | | Компьютерлік ғылымдар және информатика | Компьютер ғылымдарының теориясы мен әдістері |
| | | | Жасанды интеллект |
| | | | Кибернетика |
| | | | Ақпараттық жүйелер |
| | | | Бағдарламалық жасақтаманы әзірлеу |
| | | | Компьютерлік ғылымдарды пәнаралық қолдану |
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | Ақпараттық қауіпсіздік |
| | | Басқа технологиялар | Пәнаралық инжиниринг |
| | | | Өнеркәсіптік инжиниринг |
| | | | Өндірістік инжиниринг |
| | | | Тамақтану ғылымы және технологиясы |
| | | | Аспаптар және аспап жасау |
| | | | Микроскопия |
| | | | Фототехника |
| | | | Спектроскопия |
| Biochemistry, Genetics and Molecular Biology - 2000 жарияланым; | | | Эксперименттi медицина |
| | | | Анатомия және морфология |
| Immunology and Microbiology - 2000 жарияланым; | | | Иммунология |
| | | | Нейроғылым |
| Medicine - 2000 жарияланым; | | | Фармакология және фармацевтика |
| | | | Медициналық биохимия |
| Neuroscience - 2000 жарияланым; | | | Токсикология |
| | | | Физиология |
| Dentistry – 500 жарияланым; | | | Патология |
| | | | Аудиология және логопедия |
| Health Professions - 500 жарияланым; | | | Аллергология |
| | | | Андрология |
| Nursing - 500 жарияланым; | | | Анестезиология |
| | | | Онкология |
| Pharm acology, Toxicology and Pharmaceutics - 2000 жарияланым | | | Кардиология |
| | | | Реаниматология |
| | | | Шұғыл медициналық көмек |
| | | | Стоматология және жақсүйек-бет хирургиясы |
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | Медицина және денсаулық сақтау | Жалпы медицина | Дерматология |
| | | | Эндокринология және метаболизм |
| | | | Гастроэнтерология және гепатология |
| | | | Гериатрия және геронтология |
| | | | Геронтология |
| | | | Гематология |
| | | | Интегративті және сәйкес медицина |
| | | | Жалпы медицина және ішкі аурулар |
| | | | Клиникалық неврология |
| | | | Нейровизуалдау |
| | | | Акушерлік және гинекология |
| | | | Офтальмология |
| | | | Ортопедия |
| | | | Отоларингология |
| | | | Педиатрия |
| | | | Психиатрия |
| | | | Клиникалық психология |
| | | | Радиология, ядролық медицина және медициналық визуалдау |
| | | | Тыныс алу жүйесі |
| | | | Ревматология |
| | | | Хирургия |
| | | | Трансплантология |
| | | | Урология және нефрология |
| | | | Перифериялық тамыр аурулары |
| | | | Психобелсенді заттарды теріс пайдалану |
| | | | Денсаулық сақтау |
| | | | Денсаулық сақтау саласындағы саясаты және медициналық қызмет көрсету |
| | | | Алғашқы медициналық жәрдем |
| | | | Қоғамдық, экологиялық және кәсіптік денсаулық сақтау |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | Денсаулық туралы ғылым | Инфекциялық (жұқпалы) аурулар |
| | | | Медициналық әдеп |
| | | | Сот медицинасы |
| | | | Медициналық ақпараттық жүйелер |
| | | | Мейірбике ісі |
| | | | Тамақтану және диетология |
| | | | Паразитология |
| | | | Психоанализ |
| | | | Реабилитация |
| | | | Биомедициналық әлеуметтік ғылымдар |
| | | | Спорт туралы ғылым |
| | | | Тропикалық медицина |
| | | Медициналық биотехнология | Медицинадағы биотехнологиялық процестер |
| Agricultural and Biological Sciences - 2000 жарияланым; | Ауыл шаруашылығы және ветеринарлық ғылымдар | Ауыл, орман және балық шаруашылығы | Агрономия |
| | | | Балық аулау |
| Veterinary - 500 жарияланым | | | Орман шаруашылығы |
| | | | Бау-бақша шаруашылығы |
| | | | Топырақтану |
| | | | Ауыл шаруашылығы инженериясы |
| | | | Ауыл шаруашылығы экономикасы және саясаты |
| | | | Ауыл шаруашылығы ғылымдары |
| | | Мал шаруашылығы және зоотехния | Мал шаруашылығы және зоотехния |
| | | Ветеринария | Ветеринария |
| | | Ауылшаруашылық биотехнологиясы | Ауылшаруашылық биотехнологиясы |
| Business, Management and Accounting - 500 жарияланым; | | | Биологиялық психология |
| | | | Білім беру психологиясы |
| Decision Sciences – 500 жарияланым; | | | Эргономика |
| | | | Даму психологиясы |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Economics, Econometrics and Finance – 500 жарияланым; | | Психология және когнитивті ғылымдар | Қолданбалы психология |
| | | | Психология |
| Psychology - 500 жарияланым; | | | Математикалық психология |
| | | | Эксперименттi психологиясы |
| Social Sciences - 500 жарияланым | | | Әлеуметтік психология |
| | | | Пәнаралық психология |
| | | Экономика және бизнес | Бизнес |
| | | | Қаржылық бизнес |
| | | | Экономика |
| | | | Өндірістік және еңбек қатынастары |
| | | | Менеджмент |
| | | | Операциялық зерттеулер және басқару туралы ғылым |
| | | Білім беру | Білім саласындағы зертетулер |
| | | | Ғылыми пәндерді оқыту |
| | | | Арнайы білім беру |
| | | Әлеуметтану | Антропология |
| | | | Демография |
| | | | Отбасылық зерттеулер |
| | Әлеуметтік ғылымдар | | Әлеуметтік ғылымдардың математикалық әдістері |
| | | | Әлеуметтік мәселелер |
| | | | Әлеуметтік жұмыс |
| | | | Социология |
| | | | Фелинология |
| | | Құқық | Криминология және пенология |
| | | | Құқық |
| | | Саяси ғылымдар | Халықаралық қатынастар |
| | | | Саясаттану |
| | | | Мемлекеттік басқару |
| | | | Аймақтану |
| | | | Экологиялық зерттеулер |
| | | | География |
| | | | Жоспарлау және дамыту |
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | Әлеуметтік және экономикалық география | Көлік |
| | | | Урбанистика |
| | | | Дамытуды зерттеу |
| | | | Өңірлік және қалалық жоспарлау |
| | | Журналистика және коммуникациялар | Журналистика және бұқаралық ақпарат құралдары |
| | | | Ақпарат және кітапханатану туралы ғылым |
| | | Басқа әлеуметтік ғылымдар | Мәдениеттану |
| | | | Қонақүй бизнесі |
| | | | Шығыстану |
| | | | Туризм |
| | | | Пәнаралық әлеуметтік ғылымдар |
| Arts and Humanities – 500 жарияланым; | Гуманитарлық ғылымдар және өнер | Тарих және археология | Археология |
| | | | Тарих |
| | | | Әлеуметтік ғылымдар тарихы |
| | | | Орта ғасырлар мен ренессанс тарихы |
| | | | Қазақстан тарихы |
| | | | Этнология |
| | | Тіл мен әдебиет | Классикалық әдебиет |
| | | | Ауыз әдебиеті |
| | | | Лингвистика |
| | | | Әдебиет теориясы және әдеби сын |
| | | | Тіл және лингвистика |
| | | | Әдебиет |
| | | | Әдеби шолу |
| | | | Африка, Аустралия және Канада әдебиеті |
| | | | Америка әдебиеті |
| | | | Британия әдебиеті |
| | | | Неміс, голланд және скандинавия әдебиеті |
| | | | Роман әдебиеті |
| | | | Славян әдебиеті |
| | | | Поэзия |
| | | | Қазақ тілі |
| | | | Қазақ әдебиеті |
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | Азия елдерінің әдебиеті |
| | | | Түркітану |
| | | Философия, әдеп және дінтану | Әдеп |
| | | | Философия |
| | | | Ғылым тарихы мен философиясы |
| | | | Дінтану |
| | | Өнер | Сәулет |
| | | | Өнертану |
| | | | Хореография |
| | | | Кино, радио және телевидение |
| | | | Музыка |
| | | | Театр |
| | | | Арт-менеджмент |
| | | Пәнаралық гуманитарлық ғылымдар | Пәнаралық гуманитарлық ғылымдар |
| | Әскери ғылымдар және ұлттық қауіпсіздік | Әскери ғылымдар | Әскери өнер |
| | | Ұлттық қауіпсіздік | Әскери техника және қару-жарақ |
| | | | Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету |

Үміткерлерді іріктеу және
ғылыми тағылымдамадан
өту қағидаларына
2-қосымша

**Шетелдік жетекші жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының, ғылыми орталықтардың және ғылыми тағылымдамадан өту үшін ұсынылатын өзге де ұйымдардың тізімін қалыптастыру жөніндегі нұсқаулық**

1. Осы Шетелдік жетекші жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының, ғылыми орталықтардың және ғылыми тағылымдамадан өту үшін ұсынылатын өзге де ұйымдардың тізімін қалыптастыру жөніндегі нұсқаулық (бұдан әрі – Нұсқаулық) ғылыми тағылымдамадан өту үшін ұсынылатын жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің жетекші шетелдік ұйымдарының, ғылыми орталықтардың және өзге де ұйымдардың тізімін (бұдан әрі – Тізім) қалыптастыру тәртібін айқындайды.

2. Жұмыс органы мынадай көрсеткіштерге сәйкес ғылыми тағылымдамадан өту үшін ұсынылатын жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің жетекші шетелдік ұйымдарының, ғылыми орталықтардың және өзге де ұйымдардың тізімін қалыптастырады:

ғылыми орталықтар мен өзге де ұйымдарға арналған көрсеткіш: Тізім жасау сәтіндегі рейтингтердің соңғы жарияланымдарына сәйкес соңғы 5 (бес) жыл ішінде SciVal (СайВал) халықаралық аналитикалық жүйесінде кемінде 1 Fwci (field-Weighted Citation Impact) (Филд Уэйтед Сайтейшн Импакт) және осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес жолдама бойынша жарияланымдардың ең аз санының болуы.

Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің шетелдік ұйымдары үшін көрсеткіш: Тізім жасау кезіндегі рейтингтердің соңғы жарияланымдарына сәйкес төрт халықаралық рейтингтің екі және одан да көп алғашқы 250 (екі жүз елу) позициясының қатарына кіру: әлемнің үздік университеттерінің әлемдік рейтингі Квакарелли Симондс (QS World University Rankings), әлем университеттерінің академиялық рейтингі (Academic Ranking of World Universities), Таймс (Times Higher Education World University) басылымының нұсқасы бойынша әлемнің үздік университеттерінің рейтингі rankings), Саймаго ғылыми институттарының жалпы рейтингі (SCImago Institutions Rankings).

3. Бұл ретте жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің жетекші шетелдік ұйымдары, ғылыми орталықтар және өзге де ұйымдар үшін көрсеткіштер ғылыми тағылымдамадан өту орнын таңдауда "Ұлттық қауіпсіздік және қорғаныс саласындағы зерттеулер" басым бағытына қолданылмайды.

4. Жұмыс органы Тізімді қалыптастырады және бір жылға бекітеді. Тізім келер жылдағы кезең алдындағы жылдың 15 желтоқсанына дейін бекітіледі.

Үміткерлерді іріктеу және
ғылыми тағылымдамадан
өту қағидаларына
3-қосымша

**Тамақтануға, тұруға, ғылыми әдебиетті сатып алуға, тұратын жерінен ғылыми тағылымдамадан өту орнына дейін жол жүру бойынша көліктің түрі мен класын айқындауға арналған шығыс нормалары**

1. Тұруға, тамақтануға және оқу әдебиетін сатып алуға тұратын жерінен тағылымдамадан өту орнына дейін жол жүру бойынша көліктің түрі мен класын айқындауға шығыс нормалары елдер бөлінісінде:

| № р/с | Мемлекет | Бір айда ғылыми тағылымдама процесінде тұруға арналған шығыс нормалары | Бір айда ғылыми тағылымдама процесінде тамақтануға арналған шығыс нормалары | Көлік түрі мен класы | Тағылымдама процесінде ғылыми әдебиеттерін сатып алу бойынша шығыс нормалары |
|---|---|---|---|---|---|
| 1. | Аустрия Республикасы | 750 АҚШ долларына балама сомадан артық емес | 800 АҚШ долларына балама сомадан артық емес | Әуе көлігі, эконом-класс | 90 АҚШ долларына балама сомадан артық емес |
| | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 2. | Аустралия | 1100 АҚШ долларына балама сомадан артық емес | 800 АҚШ долларына балама сомадан артық емес | Әуе көлігі, эконом-класс | 90 АҚШ долларына балама сомадан артық емес |
| 3. | Израиль мемлекеті | 500 АҚШ долларына балама сомадан артық емес | 700 АҚШ долларына балама сомадан артық емес | Әуе көлігі, эконом-класс | 80 АҚШ долларына балама сомадан артық емес |
| 4. | Ирландия Республикасы | 1000 АҚШ долларына балама сомадан артық емес | 1000 АҚШ долларына балама сомадан артық емес | Әуе көлігі, эконом-класс | 90 АҚШ долларына балама сомадан артық емес |
| 5. | Италия Республикасы | 900 АҚШ долларына балама сомадан артық емес | 650 АҚШ долларына балама сомадан артық емес | Әуе көлігі, эконом-класс | 80 АҚШ долларына балама сомадан артық емес |
| | Рим қаласы | 1050 АҚШ долларына балама сомадан артық емес | 650 АҚШ долларына балама сомадан артық емес | Әуе көлігі, эконом-класс | 80 АҚШ долларына балама сомадан артық емес |
| 6. | Дания Корольдігі | 800 АҚШ долларына балама сомадан артық емес | 750 АҚШ долларына балама сомадан артық емес | Әуе көлігі, эконом-класс | 90 АҚШ долларына балама сомадан артық емес |
| 7. | Бельгия Корольдігі | 800 АҚШ долларына балама сомадан артық емес | 750 АҚШ долларына балама сомадан артық емес | Әуе көлігі, эконом-класс | 90 АҚШ долларына балама сомадан артық емес |
| 8. | Испания Корольдігі | 800 АҚШ долларына балама сомадан артық емес | 700 АҚШ долларына балама сомадан артық емес | Әуе көлігі, эконом-класс | 70 АҚШ долларына балама сомадан артық емес |
| 9. | Канада | 1000 АҚШ долларына балама сомадан артық емес | 800 АҚШ долларына балама сомадан артық емес | Әуе көлігі, эконом-класс | 130 АҚШ долларына балама сомадан артық емес |
| 10. | Қытай Халық Республикасы | 450 АҚШ долларына балама сомадан артық емес | 350 АҚШ долларына балама сомадан артық емес | Әуе көлігі, эконом-класс | 40 АҚШ долларына балама сомадан артық емес |
| | Шанхай қаласы | 500 АҚШ долларына балама сомадан артық емес | 400 АҚШ долларына балама сомадан артық емес | Әуе көлігі, эконом-класс | 40 АҚШ долларына балама сомадан артық емес |
| 11. | Нидерланд Корольдігі | 650 АҚШ долларына балама сомадан артық емес | 1100 АҚШ долларына балама сомадан артық емес | Әуе көлігі, эконом-класс | 100 АҚШ долларына балама сомадан артық емес |
| | | 800 АҚШ долларына | 900 АҚШ долларына | | 90 АҚШ долларына |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 12. | Норвегия Корольдігі | балама сомадан артық емес | балама сомадан артық емес | Әуе көлігі, эконом-класс | балама сомадан артық емес |
